

## Әлихан Бөкейхан атындағы №76 мектеп-лицейде жүргізілген сыбайлас жемқорлыққа қарсы кешенді мониторинг қорытындылары

### I. Кіріспе

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізілген қызмет саласының атауы: Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Әлихан Бөкейхан атындағы №76 мектеп-лицей» ШЖҚ МКК
2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізілді: заңды тұлға, электрондық пошта мекенжайы, телефон нөмірі Нұр-Сұлтан қаласы «Есіл» ауданы, Түркістан көшесі 10/1, shl\_76\_astana@inbox.ru, 87172576583
3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізу кезеңі: 2020 жылдың 4 тоқсаны.

### 2. Ақпараттық-талдамалық бөлім

#### а. Басқару құрылымы:

Әкімшілік басқару құрылымында 8 адам жұмыс істейді. Аталған мектепте 2014 жылдан бері - 1, 2015 жылдан бері -1, 2016 жылдан бері – 1, 2018 жылдан бері- 2, 2019 жылдан бері – 1, 2020 жылдан бері -2  
Әкімшілік басқару құрылымында туыстық қарым-қатынас жоқ.

#### ә. Кадрлық жұмыс және іс-жүргізу:

Мектеп-лицейдің штаттық кестесінде жұмыскерлер мен қызметкерлер саны 75,5 штаттық бірлікті құрайды. Жалпы қызметкерлер саны 207 (13 бала күтіміне байланысты демалыста). Педагогтардың орташа жасы - 37,5 жыл, орташа педагогикалық өтілі – 14 жыл. 2020 жыл қабылданған педагогтар саны – 20. Алғаш рет педагогикалық еңбек өтілін бастаған педагогтар саны -15.

Бос жұмыс орындары бойынша арнайы комиссия (12.10.2020 жыл №141 бұйрық) құрылды. Бос жұмыс орындары enbek.kz, HRPortal сайттарында хабарланды. Мониторингілеу кезеңінде ұжымдық дау, шиеленістер туындаған жоқ.

#### б. Есеп бөлімі (бухгалтерия, мемлекеттік сатып-алу):

Мектеп-лицей жан басына шаққандағы нормативті қаржыландыру жүйесінде.

Мектеп бюджетін жоспарлауға қамқоршылық кеңес қатысады. Жылына екі рет қамқоршылық кеңес және ата-аналар алдында бюджеттің жоспарлануы

жөнінде есеп беріледі. 2020 жылдың наурыз айында мемлекеттік аудит тексерісі жүргізілген. Қаржылық операциялар бұлтты бухгалтерия арқылы бақылауда болады. Publicbudget.kz порталында мектеп бюджеті туралы деректер қажеттілікке сәйкес жаңартылып тұрады.

#### в. Оқу-тәрбие бөлімі және санау жүйесі

Оқу-тәрбие жұмысы Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес ұйымдастырылады. Ата-аналардың, жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау талапқа сай жүргізіледі (директордың және орынбасарлардың қабылдау кестесі, виртуалды қабылдау, директор блогы, әлеуметтік желілердегі ресми парақшалар, ресепшн). Оқушыларды сыныптарға жинақтау Жарғыға сәйкес ұйымдастырылады.

Заңсыз түрде ақша жинауға тыйым салу жөніндегі бұйрық (01.09.2020 ж. №157) шығарылған, оқушыларға, мұғалімдерге, ата-аналарға таныстырылды, мектеп – лицей сайтына орналастырылды.

Жалпы оқу қорының жұмсалуды ашық, арнайы комиссия жұмыс жасайды.

#### г. Техникалық-шаруашылық бөлім.

Мектептің активтері және материалдық базасы жыл сайын инвентаризацияланады. Шаруашылыққа қажетті тауарлар мемлекеттік сатып алу заңдылықтарына сәйкес қамтамасыз етіледі.

### **3. Қорытынды бөлім**

Мектеп қызметіне мониторинг жүргізу бойынша төмендегідей қорытынды жасалды: **Сыбайлас жемқорлық көріністері, фактілері жоқ.**

Мониторинг тобы:

1. Жалғасбаева Ардақ Алғашбайқызы
2. Асилбаев Елжан Едилбаевич
3. Алхожа Таңшолпан Бақытқызы

*Handwritten signatures of the monitoring team members.*



12.11.2020 жыл